

6В03201- КІТАПХАНА ІСІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Нарықтың сұраныстары мен жұмыс берушілердің талаптарын ескеріп, заманауи технологияларды пайдалана отырып, кітапхана ісін ұйымдастыру саласындағы практикалық және ғылыми қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімі бар ҚР-да кітапхана ісі және ақпаратты өңдеу саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Инновациялардың көлемінің артуы, білім беру нәтижелеріне қойылатын жаңа талаптар, оқыту нәтижелерін бағалаудың өзге де жүйесі, ақпараттық-кітапханалық қызметті интеграциялау мәселелері кітапхана маманы қызметінің мазмұнын жаңартуды, зияткерлік ресурстарды шоғырландыруды, жүзеге асырылатын кәсіби қызметте мінез-құлықтың жаңа стратегияларын сыни, шығармашылық игеру үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуге ұмтылуды талап етеді. 6В03201 – Кітапхана ісі білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалаврларын даярлау бағдарламасы осы бағыт бойынша даярлаудың қазіргі заманғы отандық және әлемдік тәжірибесін, мамандану саласындағы авторлық және ұжымдық ғылыми

жетістіктер мен оқу-әдістемелік әзірлемелерді, жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығының сұраныстарын жинақтауды ескере отырып әзірленді. «Ақпараттық ресурстар менеджері» қосымша білім беру бағдарламасы қарастырылған. Бағдарлама аясында қосымша менеджер мамандығын алу мүмкіндігі қарастырылуда, бұл кітапхана маманының кәсіби құзыреттілігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Нарықтағы сұранысы. Әлеуметтік қайта құрулардың әсеріне, ақпараттық кеңістіктегі кітапханалардың рөлі мен орнын өзгертуге сәйкес, республиканың көпшілік кітапханалары барлық санаттағы пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіруде, кітапхана қорын толтыру мен каталогтау әдістемесін, сапалы баспа өнімдеріне көпшілікке қол жетімділікті қамтамасыз етеді, халыққа қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Ақпараттық жүйелер мен басқа технологияларды құру арқылы әлеуметтік маңызды ақпаратқа; оқырмандарды халықтың тарихи және мәдени мұрасымен таныстыруда үлкен рөл атқарады.

Статистикаға сүйенсек, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ел халқының саны 19 миллион 082 мың 467 адамды құрайды, оның 5 миллион 44 мың 497-і (27,8%) немесе әрбір 4-ші қазақстандық 4056 адамның біреуін оқиды. Қазақстан республикасының көпшілік кітапханалары. 2021 жылдың соңында елде барлық жүйелер мен бөлімдердің 11 310 кітапханасы болды. Оның ішінде: көпшілік кітапханалар - 4 056 (35,9%), қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің кітапханалары - 7 152 (63,3%) және басқа жүйелер мен бөлімдердің 102 кітапханалары (0,8%). Қазіргі уақытта республикада 8 жоғары және 16 орта арнаулы оқу орындары бар, оларда «кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқыту жүргізіледі.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерекшелігі	Қысқаша сипаттамасы
Дуалды оқыту жүйесі	Кітапхана ісі БББ студенттері ҚР Ұлттық кітапханасымен келісімшарт негізінде дуалды білім беру бағдарламасы бойынша білім алуда. Дуалды оқытудың мақсаты- университеттегі кітапхана ісі мамандығы бойынша кәсіптік білім беру бағдарламасына сай студенттердің сапалы білімдерді меңгеруі, сонымен қатар оларды Алматы қаласының ірі кітапханасында, «ҚР Ұлттық кітапханасы» РМК-да тәжірибелік дағдыларды игеру. №1, 01.09.2021ж
Академиялық ұтқырлық	БББ білім алатын студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында М.Әуезов Атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті , М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқуға мүмкіндік алады
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	«Ақпараттық ресурстар менеджері» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) ақпараттық, мәдени-ақпараттық қызмет саласында кітапхана ісін басқару мәселелерін жан-жақты қарастыра отырып,

«Ақпараттық ресурстар менеджері»	менеджмент принциптері мен заңдылықтары негізінде кітапханалық-ақпараттық қызметті басқаруға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарламаның мақсаты - менеджмент принциптері мен заңдылықтары негізінде кітапханалық-ақпараттық қызметті басқаруда мамандарды технологиялық, ақпараттық-талдау, жобалау, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру-басқару қызметінің дағдыларына үйрету болып табылады.
----------------------------------	---

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі.

Варшава мемлекеттік университетінің «Журналистика, ақпарат және библиология» бөлімі, Штутгарт жоғары мамандандырылған мектеп-бұқаралық ақпарат құралдарының жоғары мектебі, «Ақпарат және коммуникациялар» бөлімі, Санкт-Петербург Мемлекеттік мәдениет институты, «Кітапхана және ақпарат» бөлімі, Кемерово мемлекеттік мәдениет институты.

САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ

№	БББ 53.03. «Ақпарат және коммуникация» Штутгарт жоғары арнайы мектебі- Жоғары көпшілік ақпарат құралдарының мектебі	БББ «Кітапханалық-ақпараттық» Санкт-Петербург Мемлекеттік мәдениет институты	БББ "Ғылыми ақпарат және кітапхана ісі" Варшава Мемлекеттік Университеті. Журналистика, Ақпарат және библиология Факультеті	БББ 6В03201 «Кітапхана ісі» ҚазҰлттық Қыз Пу
1	48%	50%	48%	100%

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

- Кітапханашы, библиограф әдіскер;
- Референт-хабаршы, құжаттанушы, ғылыми қызметкер;
- Бөлім сектор меңгерушісі;
- Кітапхана колледжінің оқытушысы.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

Кәсіби құзыреттілік салалары 1

Кітапхана қызметін басқару

Кітапхана жүйелерін диагностикалау, ақпараттық және кітапхана мекемелерін басқару, оларды одан әрі жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеу және іске асыру; кітапхана мекемелері оқырмандарының ақпараттық-библиографиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа практикалық құралды тарату және пайдалану дағдыларын меңгерген.

Кәсіби құзыреттілік салалары 2

Инновациялық әдістер оқырмандарға қызмет көрсету

Кітапхананың кітапханалық-библиографиялық қызметіне Әлеуметтік және технологиялық инновацияларды енгізу, тұтынушыларға қызмет көрсетудегі инновацияларды модельдеу, оның ішінде ұйымдастырушылық, зерттеу және педагогикалық функцияларды енгізу негіздерін біледі.

Кәсіби құзыреттілік салалары 3

Сандық құралдар және IT

Оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктерін талдау дағдыларына ие, қажетті деректі ақпаратты іздеу, кітапхана-библиографиялық ресурстарды қалыптастыру, кітапхана қорын модельдеу, кітапханаларды каталогтау және іздеу жүйесінің ерекшеліктерін зерттейді.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1-Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2- Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3- Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Адалдық, шынайылық, еңбекқорлық және парасаттылық сияқты қасиеттерге ие болады, олар тек кәсіби қызмет үшін ғана емес, өз елінің азаматы мен патриоты үшін де қажет.

ОН 5 – Кәсіби қызмет үшін қауіпсіз және тиімді цифрлық құралдар мен технологияларды пайдаланады. IT-индустрияның соңғы жетістіктерін және кәсіби қызметтегі техникалық прогресті қолданады.

ОН 6 – Кітапхана ісінің тарихын, теориясын, технологиясын біледі. Кәсіби қызметте практикалық дағдылар мен пәнаралық байланыстардың синтезін жүзеге асырады. Жеке және кәсіби өсу үшін жаңа білімге, зерттеулерге ашық.

ОН 7 – Ақпарат тұтынушыларына сапалы кітапханалық қызмет көрсетуді дамытудың инновациялық әдістерін пайдаланып кітапхана қызметінің дағдыларын меңгереді

ОН 8 – Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру және кітапханалық біліктілікті, кәсіби бағдарланған өзін-өзі тәрбиелеу қызметін, кітапхана саласындағы педагогикалық және ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмысты үздіксіз арттыруға ынталандыру мақсатында кәсіби қызметті талдай алады.

ОН 9 – Кітапхана ұжымында инклюзивті орта мен эмоционалды тұрақты атмосфера құра алады, қоғамның мәдениетін, эстетикасы мен рухани құндылықтарын тәрбиелеу мен дамытудағы кітапхана мекемелерінің рөлін түсінеді.

ОН 10 – Кітапхана қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін маркетинг және менеджмент әдістері мен құралдарын қолданудың жан-жақты дағдыларын меңгерген. Ұлттық және әлемдік тәжірибені салыстыру негізінде кітапхана ісінің даму жағдайын зерттейді.

ОН 11 – Ұйымдастырушылық-шығармашылық, ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру мүмкіндіктеріне ие, пәндік салада, оның ішінде шет тілдерінде зерттеу нәтижелерін таныстыру дағдыларына ие.

ОН 12 – Кітапхана басшысының кәсіби қызметін сапалы және бәсекеге қабілетті ұйымдастыру міндеттерін шешу үшін жеке және кәсіби дамуды бағалауды жүзеге асырады

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9
ТА 1		+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 2	+		+						
ТА 3	+	+		+		+			+
ТА 4	+	+	+						
ТА 5	+		+		+				+
ТА 6		+		+	+	+	+	+	+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1. Мұрағат ісі және құжаттаманы басқару саласындағы салалық біліктілік шеңбері (ОРК) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 4-тармағына сәйкес және Республикалық әлеуметтік үш жақты комиссияның 2016 жылғы 25 тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде жасалды, серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу.
2. 2016 жылғы 25 тамыздағы № 3 хаттамамен бекітілген Мәдениет және өнер саласындағы салалық біліктілік шеңбері (СБШ). Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңына сәйкес әзірленді.